# «ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ МАТЕМАТИК ҰЛАНДАРЫ» ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ЖАРЫСЫ



**№130 Абай атындағы қазақ орта мектебі**

**Ұйымдастрған математика пәні мұғалімі: Әлиакбарова П.Д.**

# 1 - КЕЗЕҢ

# МАТЕМАТИКАЛЫҚ СПРИНТ



# *** 1-кезең









# 2 - КЕЗЕҢ ҒАЖАЙЫП АЛАҢ

# *** 2 - кезең

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қызықты есептер | 20 | 30 | 40 | 50 |
| Математика және тарих | 20 | 30 | 40 | 50 |
| Олимпиада есептері | 20 | 30 | 40 | 50 |
| Математикалық сандық | 20 | 30 | 40 | 50 |

## 3 - КЕЗЕҢ

**ҮЙ ТАПСЫРМАСЫ: ФУНКЦИЯНЫҢ ГРАФИГІН САЛЫҢДАР ЖӘНЕ ГРАФИГІН АТАҢДАР.**

7”Б”

7”А”

7”В”

# 4 - КЕЗЕҢ

# СИҚЫРЛЫ ӘРІПТЕР

## *** 4 - кезең -

## Сиқырлы әріптер

**Мына әріптерден неғұрлым көп математикалық терминдер жазыңдар.**

**С Т І Р Б К Ы И Ұ Ш Ү Н Е**



Көңіл бөліп бұл кешке
Келгендерге көп
рахмет.
Шын сезінген
көрерменге,

**20:**

**(әзіл есеп) «Қу түлкі»**

Шал балықтарды көп аулап әндетіп келе жатса, жолда бір түлкі сұлап жатады, шал қуанып кемпіріме жаға болады деп түлкіні шанаға салып алады. Ал қу түлкі  шалды алдап,жолда 1 минутта 1 балық, 2 минутта 2 балық, т.с.с. лақтыра бастады. Бір лақтырғанда алдыңғы лақтырғаннан 2 есе артық лақтыра береді. 7 минутта барлығы неше балық лақтырған?

**30:**

**(әзіл есеп) " Түлкі мен қасқыр".**

Екеуі тегін балыққа тап болады. Қасқыр айтады "Мен математикаға нашармын, балықты сен бөл" дейді түлкіге. Сонда түлкі саған біреу, маған екеу, саған үшеу, маған төртеу т.с.с. Ең соңында жиырма балықты өзіне салады. Кім көп алды және қаншаға артық алды?

**40:**

**“Тосап жеу”** Бала 600г тосапты 6 минут, ал Карлсон 2 есе артық жейді. Олар бірге неше минутта жейді?

**50:**

Бір күні бір үйге ұрылар түскен екен.Сол уақытта сол үйдегі әже:

«Сапырып-сапырып Сарманға бер,
Құйып – құйып Құрманға бер,
Есіктегі екеуге бер,
Төрдегі төртеуге бер,
Өзің іш те, маған бер.» - деген екен. – «Қой, мұңымыз бекер болар. Бұл үй толы кісі, әрі бізден екі есе артық екен, кетейік,» - деп кетіп қалыпты.

Әже тапқырлығымен ұрыларды осылай қорқытыпты. Сонда үйдегі адам нешеу, ұры нешеу?

**20:**

1637 жылы координаталық түзуді енгізіп, теріс және оң сандарға түсінік берген француз математигі.

**30:** «Парабола» деген атауды енгізген біздің заманымыздан бұрыңғы (262-190) жылдарда өмір сүрген грек ғалымы.

**40:** «Функция» ұғымын алғаш рет енгізген ұлы атақты математик.

**50:** Ең алғаш Европаға “миллион” сөзін әкелген кім?

**20:** Жүгіру жарысынан Асет, Марат, Талғат үш орынды алды, егер: Марат екінші орын алмаса, ал Талғат –үшінші орын алмаса, кім қандай орын алды?

**30:** Ондық цифрлары біріктер цифрларынан үлкен болатын қанша екі таңбалы сан бар?

**40:** Кеме дүйсенбі күні түсте жүзуге кетеді. Жүзу 100 сағатқа созылады, онда ол қай күні, қай уақытта келеді?

**50:** Оқушы кітапты үш күнде оқыды. Бірінші күні кітаптің 0,2-сін және 16 бетті, екінші күні қалғанының 0,3-ін және 20 бетін, үшінші күні қалғанының 0,75-ін және 30 бетін оқыды. Кітапта неше бет бар?

**20: Үш ұрпақ.**

Мерекелік дастархан басында 2 ата, 3 әке, 3 бала отырды. Дастархан басында қанша адам отыр?

**30: Меккеге сапар.**

Ертеде бір мұсылман жаяу Меккеге сапар шегіпті. Өйткені хажылыққа бару мұсылманның бір парызы. Ол күніне 40 км жер жүріпті.

Ал екінші бір сапаршы одан бір күн кейін шығып, күніне 45 км жүріп отырған.

Қанша күннен кейін сапаршы мұсылманды қуып жетеді?

**40: Ақсақалдардың кездесуі.**
Алдаркөсе әр ауылдың ақылгөй ақсақалдарының жиындарына қалмай, қатысатын.
Бір күні ол сондай бір жиынға кездейсоқ келіп қалған кейіп танытады. Барлық ақсақалдар бір-бірімен амандық-саулық сұрасып, қол алысып жатқанда, Алдаркөсе олардың 66 қол алысуын санапты.
Қанша ақсақал жиынға келген?

**50: Әуезді есеп.**

Қазақ халқы әнге,жырға әуес. Олардың ішінен ән айта алмайтын немесе өлең шығара алмайтын адамдар сирек кездеседі. Сондықтан ұлттық ән аспаптарын төрге іліп қояды.

Бір кісі той жасап, шақырған әр әншіге қарама-қарсы үш әнші отыратындай етіп орналастырыпты.

Сонда қанша әнші, қанша ән аспаптары үйде болған?